

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) теміржол жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 36/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 шілдеде N 3331 болып тіркелді

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 3-тармағы 1) тармақшасына сәйкес қолжетімді тарифтер деңгейін әрі Солтүстік Қазақстан облысы аумағы бойынша халықтың еркін қозғалуына мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) теміржол жолаушылар қатынастарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың
XXXVI сессиясының төрағасы*

С. Махметов

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың хатшысы*

Қ. Едресов

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың
2015 жылғы 29 маусымдағы № 36/4 шешімімен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) теміржол жолаушылар қатынастарының тізбесі

Р / с №	Қатынастар
1.	Петропавл-Есілкөл (Омбы облысының шекарасына дейін)
2.	Петропавл-Макушино (Қорған облысының шекарасына дейін)